

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 20 ақпан жұма 2015 жыл № 7 (09)



Жүз томдық жарық көрді



Қарағанды облысының 80 жылдығы құрметіне «Сарыарқа кітапханасы» деген топтама бойынша жергілікті ақын-жазушылардың жүз томдығы жарыққа шығып, жақында тұсаукесер салтанаты Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында болып өтті.

11 - бет

Ер дәулеті - еңбек


Өткен ғасырдың екінші жартысы, әсіресе алпысыншы-жетпісінші жылдары Арқаның, оның ішінде Теміртаудың ерекше жарқырай танылған, жан-жақты кемелденген жұлдызды шағы болды. Қазақстан Магниткасы деген мақтанышты атақты иемденген алып өндірісте бұрын-соңды болмаған жаңа, қуатты құрылымдар бірінен соң бірі қатарға қосылып еліміздің байлығын еселеп молайтты. Сол жылдардағы тарихи жазбаларға сүйенсек, кенестер одағындағы ең ірі, ең алып, ең өнімді кон вертор, домна пеші, кокс батареясы дәл осы біздің қаламызда салынып іске қосылғанын білеміз. Бір қарағанда бұл айтулы оқиғалардың бәрі де уақыт ағысымен ілесіп, тарихтың тереңіне батып, адамдардың жадынан шығып ұмыт бола бастағандай, бірақ, шын мәнінде қазақ Магниткасының өміріне тікелей қатысып, оның әрбір кірпішін өз қолымен қалаған, әрбір тонна болат пен шойынды өз күшімен құйған металлургтер үшін бұл күні кеше ғана болған оқиғадай ешбір ұмытылмақ емес.

6 - бет

Қой жылын қалай қарсы аламыз?



2 - бет



— Наурыз — бұл түн мен күннің теңелетін кезі, ол бірлік пен берекенің бастауы, тұрақтылық пен толеранттықтың жарқын көрінісі, яғни Елбасының «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Жолдауындағы негізгі ұстаным, бір сөзбен айтқанда ұлық мереке. Еліміз секілді теміртаулықтар да бұл күнді лайықты атап өтпек, өйткені Наурыз айы, мейрамы үстіміздегі жылғы қазақ хандығының 550, Ұлы Жеңістің 70, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституцияның 20 жылдығы, сонымен қатар туған қаламыз Теміртаудың 70 жылдығының бастауы болғалы тұр, — деді бөлім басшысы.

Наурыз мейрамына байланысты қаламыздағы барлық мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда мерекелік іс-шаралар өтеді, қалада он бес ірі шара жүзеге асырылмақ. 22 наурызда «Металлург» стадионының алдындағы алаңда «Наурыз аулы» бой көтермек, сонымен қатар үлкен сахна орналастырылып,



Наурыз — 2015

Міне, қаһарлы қыстың соңғы айы да аяқталуға жақын. Алдағы наурыз — көктемнің алғашқы айы, оған қоса жыл басы саналатын Наурыз мейрамы. Сондықтан бұл айтулы күнге дайындық шаралары қазірдің өзінде-ақ басталып кетті. Қала билігі Ұлыстың ұлы күнін лайықты атап өтуге байланысты бірқатар іс-шараларды қарастырып жатыр. Өткен сейсенбі күнгі аппарат мәжілісінде қаралған мәселелердің қатарында осы дайындық барысы пысықталып, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Айдос Бекмағамбетов хабарлама жасады.

Қой жылын қалай қарсы аламыз?

барлық қажетті жабдықтармен жабдықталады. Ал сол алаңның алдына жасанды жасыл желек төселмек, тігілетін киіз үйлер доға тәрізді орналастырылатын болады. Әрине, тұрғындар үшін сауда нүктелері мен ұлттық спорттық ойын жарыстары

өтетін алаң да болады.

Наурыз мейрамы таңертеңгі сағат 11.00-де басталады, қала әкімі бастаған, мәслихат хатшысы, қаланың құрметті азаматтары мен ардагерлер, Елбасының үзеңгілестері қостаған алаңға келеді, оларды этно-мәдени орталық өкілдері мен қала жастары

қарсы алады. Теміртаулық қолөнер шеберлері мен қолданбалы өнер көрмесі «Сәлем, Теміртау» деген атпен жұртшылықтың назарына ұсынылмақ. Наурыз мейрамының екінші бөлімі сағат 12.00-де басталып, құрамында қырық адамы бар мемлекеттік «Наз» би театрының, Мүсілім Жұмағалиевтың 20

адамнан тұратын сән театрының, Қарағандыдағы қазақ және орыс драма театрларының әртістерінің, сондай-ақ теміртаулық өнер ұжымдарының күшімен керемет қойылымдар болады.

Мерекенің үшінші бөлімінде, яғни сағат 12.40-та атақты күміс



Қала шаруашылығы

Жыл сайын қаламыздың жолдарын жазғы және қысқы маусымдарда күтіп ұстауға қыруар қаржы бөлінетіні мәлім. Әсіресе қыста атқарылатын істер ауқымды, ауа райының қолайсыздығымен қатар қалың қардан көше жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарын тазалау, тайғақ жерлерге тұз араласқан құм төсеу секілді басқа да жұмыстар атқарылады.



Бұл ретте мердігер фирмалардың иығындағы жүгі ауыр, олар өздеріне тиесілі көшелердің тазалығына тікелей міндетті болады. Сондықтан адам күшімен қатар техникалары да сақадай-сай болып, дер кезінде қар-мұздан тазалау жұмыстарын мінсіз атқаруы тиіс. Бұл Теміртаудың орталық көшелерін ғана емес, сонымен қатар ішкі орам жолдарын қардан аршиды деген сөз.

Былтыр қысқы маусымда қала жолдарын күтіп-ұстауға 225 500,00 теңге қаражат бөлінсе, оның биылғы, яғни 2015 жылға

қарастырылғаны 186 098,00 теңге. Қазіргі күні Теміртау жолдарын тоғыз мердігер мекеме, яғни 81 техника мен 98 адам тазалауда, олардың қатарында бұған дейін де аттары мәлім «Ескендір» ЖШС, «Темірбол» ЖШС, «Гордорсервис» ЖШС, «Кедр» ЖШС және басқалары бар.

— Бүгінгі таңда мердігер мекемелер қала көшелерін қардан тазалауда бірнеше проблемалардың барын айтаты. Мысалы, көліктерді белгіленбеген жерлерге қойып кету салдарынан жол жиектерін тазалау қиынға соғады, бұл әсіресе 3 «а» шағын ауданға, яғни орталық

қарай жиналатыны. Нәтижесінде мердігерлер тазалап өтеді, ал сол жолдар жоғарыда айтқандай дүкен иелерінің әрекеттерінен қайтадан қарға толып қалады. Сондай-ақ трамвай жолдарының қардан тазалануына тікелей трамвай паркі жауапты бола тұрса да, олар бұл іске салғырт қарап келеді, нәтижесінде тұрғындар тарапынан түсетін арыз-шағымдар қатары көбеюде.

— Бұл айтылған проблемалар қала әкімінің деңгейінде шешімін табатын мәселе емес, сондықтан орынбасарым А.Есмұрзаевқа тапсырма беремін, тиісті орын-

дармен бірге оң шешімін табуына ықпал етсін. Негізгі мақсатымыз, қала жолдарының қысқы күтімі өз деңгейінде болуы тиіс, бұл өз кезегінде жол қауіпсіздігі үшін аса маңызды. Ал қауіпсіздік дегенде тұрғындарды көз алдыңызға елестетіңіз, — деді қала әкімі Нұркен Сұлтанов.

Сөз реті келгенде айта кетейік, мердігерлердің жұмыс нәтижелерін арнайы топ қарап шығып, егер өз жұмыстарына немқұрайлы қарап, қардан тазалауды өз мәнінде жүргізбесе, оларға төленетін төлемнің белгілі бір мөлшері қысқартылады. Мысалы, бірінші рет ескертулер берілсе, екінші рет кемшіліктерді жоймағаны үшін «Темірбол» ЖШС — 7 пайыз, «Гордорсервис» — 5 пайыз қаражаттан қағылды.

Осылайша аппарат мәжілісінде қысқы маусымда қала жолдарын күтіп ұстау үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла жүк көтеру қажеттігіне баса назар аударылып, нақты тапсырмалар берілді.

Жолдар қардан тазалануда

ал сапасы сын көтере ме?



Ел жаңалығы

Жақында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова Италия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Стефано Раваньянмен кездесті.

Елшімен кездесті

Мемлекеттік хатшы Италия Елшісін лауазымға кірісуімен құттықтады және еліміздегі дипломатиялық қызметіне табыс тіледі.

Г.Әбдіқалықова Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы Италияға жасаған ресми сапарының барысында Стратегиялық серіктестік туралы Мемлекетаралық келісімге қол қойылғаннан кейін Стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілген қазақстандық-италияндық қарым-қатынастардың даму серпініне жақсы баға берді.

Италия Қазақстанның әлемдегі үшінші сауда әріптесі болып табылады, сонымен қатар, еліміздің экономикасындағы ең ірі инвесторлардың қатарына кіреді. Қазақстанның Еуропа Одағы мемлекеттерімен арадағы тауарайналымы жиынтығының 13%-ке жуығы Италияның үлесіне тиеді. Қазақстан экономикасына салынған италияндық инвестициялардың жалпы көлемі 6,5 млрд. долларды құрайды.

Қазақстан Италия халқымен достық пен ынтымақтастықтың белгісі ретінде Аквиладе болған жерсілкінісінен кейін (2009 ж.) «Амитернумдегі Қасиетті Биаджо» шіркеуін қайта қалыпқа келтіруге 1,7 млн. евро көлемінде қаржылай көмек көрсетті.

Кездесу барысында екіжақты әріптестіктің жай-күйі мен одан әрі ынтымақтастықтың келешегі, оның ішінде италияндық компаниялардың индустрияландырудың екінші бесжылдығына, «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты жаңа экономикалық саясаттың аясындағы инфрақұрылымдық даму жоспарының жобаларына қатысуы талқыланды.

Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіқалықова Қазақстан өзінің жеке ұлттық павильонын ұсыну арқылы Миланда өтетін «ЭКСПО - 2015» халықаралық көрмесіне белсене атсалысуға ниетті екенін атап өтті. Сондай-ақ Гүлшара Әбдіқалықова италиялық әріптестердің Астанадағы «ЭКСПО - 2017» көрмесінің жұмысына белсене қатысатынына үміт білдірді.

Кездесуде Қазақстан мен Италия арасындағы өзге де іскерлік және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды нығайтудың мәселелері талқыланды, яғни оған өткен жылы, оның ішінде Италия да енетін 10 ел үшін визасыз режим енгізу жөніндегі қанатқақты жоба мүмкіндік туғызуы тиіс.

Ақпараттық хабарлама

Өткен жылы негізгі күш агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қаржылай сауықтыруға, инвестициялық жобалар мен шебер-жоспарларды, ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтардың лизингін қаржыландыруға бағытталды.



Жылдың қорытындысы бойынша активтері 981 млрд. теңгеге жетті (2013 жылғы деңгейден 1,4 есеге жоғары), меншікті капиталы - 379 млрд. теңге (2013 жылғы деңгейден 1,2 есеге жоғары).

Елдің тәуелсіз рейтингінің деңгейінде берілген 3В+ рейтингі расталды. Бұл Қазақстанның тарихында алғаш рет Еуромен 5 жыл мерзімге рекордтық төмен жылдық 3,255% (үш бүтін мыңнан екі жүз елу бес пайыз) ставкамен 600 млн. көлеміндегі еурооблигацияны табысты орналастыруға мүмкіндік берді. Олар қаржылай сауықтыру бағдарламасын іске асыруға бағытталды.

Екі транш қорытындысы бойынша Холдинг үлкен тәуекелге барды, осы ретте несиені тек қана теңгемен берді. Өткен ақпандағы теңге бағамының түзетілуіне қарамастан Холдинг жылды 5,7 млрд. теңге көлеміндегі пайдамен аяқтады.

2014 жылдың қорытындысы бойынша саланы қаржыландыру көлемі 222 млрд. теңгені құрады, ол 2013 жылғы деңгейден 15%-ға артық.

Бұл 41,2 мың адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік берді (оның ішінде: 7,5 мың жаңа жұмыс орны; 33,7 мың – жұмыс орындарына қолдау көрсету).

Жыл сайын ҚазАгро компаниясының тобы несие және лизинг бағдарламалары шеңберінде жасалатын шарттардың санын арттырады. 2014 жылы 19 мың келісім жасалды (с.і. 3,2 мың лизинг шарттары), бұл 2013 жылдан 23%-ға көп.

Холдинг компаниясының несие қоржынының сапасының деңгейі жағымды. Пайыздық ставканы субсидиялау бағдарламасын енгізу және банктерді қорландыру механизмінің арқасында агроөнеркәсіп кешеніндегі ҚазАгроның несиелеу үлесі 3%-ға қысқарды.

ҚазАгро холдингі: қызмет қорытындысы

ҚазАгроның қызметін пайдаланушылардың саны 32%-ға дейін өсті және ол 133,8 мың адамға жетті.

Инвестициялық қызметі туралы

Жалпы Холдингтің инвестициялық қоржынында 477 жоба бар, оның жалпы құны 309,1 млрд. теңгені құрайды, 365 жоба пайдалануға берілді, 236 жобаның жүктемесі 70%-дан астам қуаттылыққа жетті.

Холдингтің инвестициялық жобаларының өңірлерді қамту деңгейі өсті: 2013 жылмен салыстырғанда 28 аудан және аудандық маңызы бар 6 қалаға артық (қамту тиісінше 77,6% және 25,9%-ды құрады).

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 73 жоба іске қосылды, оның жалпы құны 39,3 млрд. теңге. 2015 жылы 75 инвестициялық жобаны пайдалануға беру жоспарланады.

Көктемгі-егіс және жинау жұмыстарын қаржыландыру

2015 жылғы көктемгі-егіс және жинау жұмыстарын қаржыландыруға «ҚазАгро» Холдингіне 60 млрд. теңге сомасында бюджеттік несие берілді.

Жоғарыда аталған несие Холдингпен қарыз түрінде агроөндірістік кешен субъектілерін қолдау бойынша шараларды жүргізу бойынша қаржылық институттар арасында /екінші деңгейлі банктер/ және екі оператор арасында келесі тәртіпте бөлінді:

«Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ – 17,65 млрд. теңге,

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ – 7,5 млрд. теңге. ЕДБ – 34,85 млрд. теңге.


Осы тұрғыдағы ЕДБ арасында қаражатты бөлу бойынша ақпарат Холдингтің Уәкілетті органының бекітуінен кейін жарияланатын болады. 11 ЕДБ бюджеттік бағдарламада қатысуына дайындығын хабарлады, өтінім сомасы 92 млрд. теңгені құрайды, қаржыландыруға АШТӨ саны – 198. Өткен жылы аталған бағдарлама бойынша 4 ЕДБ қатысты.

Сонымен қатар Холдингтің еншілес компаниялары көктемгі-егіс және жинау жұмыстарын өз қаражаты есебінен қаржыландыру жоспарлануда, соның ішінде: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау» АҚ «Егінжай» бағдарламасы бойынша 1,9 млрд. теңгеге 434 өтінім /«Ырыс» ШНҰ – 500,0 млн. теңгеге 1 өтінімді санағанда/;

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Несиелік серіктестер жүйесі бойынша 6,6 млрд. теңге сомасына;

«ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бағдарламасы бойынша 28,5 млрд. теңге сомасына 1 610 бірлік ауыл шаруашылық техникасын жеткізуді жоспарлауда.

Сонымен қатар, астықтың мемлекеттік ресурстарын жаңарту шеңберінде жыл сайын ЕДБ кепілдемесімен ағымдағы жылғы астықтан мемлекеттік ресурстарға сатып алулар жүзеге



асырылады /сатып алу көлемі мен бағасы ҚР Үкіметінің Қаулысымен анықталады/.

Осылайша Холдингпен көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізуге /техника лизингін қоса алғанда/ 97,0 млрд. теңге жоспарланып отыр.

Көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге 2014 жылы Холдингпен 49,9 млрд. теңге

бағытталды, бұл 2013 жылғыдан 10 млрд. теңгеге аз. Бұған себеп 2013 жылғы 60 млрд. теңге бюджеттік несиелеудің 2014 жылы 40 млрд. теңгеге дейін қысқаруы. Сонымен бірге, 2014 жылы қаржыландыру көлемінің төмендеуіне қарамастан агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің өтінімдері 18%-ға артық қаржыландырылды (3,6 мың өтінім, 2013 жылы 3,1 мың өтінім).

Қабылданған шаралар аграрларға 5,4 млн. гектар алаңда егін егу науқанын жүргізуге мүмкіндік берді.


Қаржылай сауықтыру

Қазіргі уақытта қаржылай сауықтыруға барлығы 292 агроөнеркәсіп кешені субъектісі мақұлданды, негізгі қарыздың жалпы сомасы 312,9 млрд. теңге, осы ретте 245,9 млрд. теңге немесе 78%-ы «ҚазАгро» холдингі есебінен қорландырылған.

Айыппұлдар мен өсімақының төмендеуі жалпы 2,9 млрд. теңгені құрайды, 25 мыңнан астам жұмыс орындары сақталған.

Аталған бағдарлама бойынша Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе және Шығыс-Қазақстан облыстарының субъектілері барынша белсенділік танытты.

ҚазАгро маркетинг несие және лизинг бойынша пайыздық ставкаларды арзандату бағдарламасының операторы, оның шеңберінде субсидиялаудың 6,3 млрд. теңге сомасына 4285 өтінім қарастырылды. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешені субъектілерін инвестициялық



субсидиялау бағдарламасы шеңберінде 13 млрд. теңгеге 1143 өтінім мақұлданды.

Алматы, Оңтүстік-Қазақстан және Жамбыл облыстары аса белсенділік танытты.

Холдингтің шығыстарын оңтайландыру

«ҚазАгро» Холдингінің шығыстарын оңтайландыруға байланысты Мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде келесі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлануда:

Бейінді емес активтерді шығару, 2015 жылы 559 млн. теңге сомасына тиімді емес шығыстарды қысқартуға мүмкіндік береді;

Холдинг құрылымын оңтайландыру. Қысқа мерзім ішінде Холдингтің орталық аппаратының құрылымдық бөлімдерінің функционалдарын қайта қарау және қосарланушылық бөлімшелерді босату есебінен жұмыскерлер санын 93 бірліктен 73 бірлікке (20 адамға) қысқарту жоспарлануда, бұл әкімшілік шығыстарды 194,7 млн. теңгеге немесе 12%-ға қысқартуға мүмкіндік береді.

ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың инвестициялық активтерін тиімді басқару жолымен агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады. Холдинг құрамына «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроӨнім» АҚ, «ҚазАгрогарант» АҚ, «ҚазАгромаркетинг» АҚ кіреді.

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ баспасөз қызметі

ЕҚЫҰ бағдарламасы

Ақордада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықова Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламасы Офісінің жетекшісі Н.Заруднамен кездесті.

ҚР Мемлекеттік хатшысы Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастық жоғары деңгейде екенін, оған еліміздің 2010 жылы аталған Ұйымға төрағалық етуі айқын дәлел болатынын атап өтті.

Алдағы жылдары Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы қызметінің басым бағыттарының бірі «Қауіпсіздік қоғамдастығы жолында» деп аталатын Астана декларациясында белгіленген Еуроатлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығын құру жөніндегі стратегиялық мақсатқа қол жеткізу болып табылады.

Сонымен қатар, тараптар әлеуметтік-гуманитарлық дамудың, сот үстемдігін және адам құқығын қамтамасыз етудің, этносаралық қарым-қатынасты үндестірудің, гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің бірқатар мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың жай-күйі мен келешегін талқылады.

Г.Әбдіқалықова Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламасының Офісі өз жұмысында

Қазақстанның мүдделелері ескерілген ынтымақтастықтың басым салаларына назар аударудың маңыздылығына тоқталды.

Мемлекеттік хатшы ЕҚҰЫ Тұрақты Кеңесінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы Вена отырысында 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Астанадағы ЕҚЫҰ орталығын Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламасының Офісі болып қайта құрылатыны туралы №1153 шешімі қабылданды.


ЕҚЫҰ бағдарламасы Офісінің мандаты Қазақстанда орталық және жергілікті мемлекеттік органдарымен және ведомстволарымен өзара іс-қимылда қауіпсіздіктің үш өлшемімен (әскери-саяси, экономикалық-экологиялық, гуманитарлық) түрлі жобаларды өткізуді қарастырады.

Атап айтсақ, Офістің қызмет аясы-

на қарулануға бақылауды, шекараларды басқару, лаңкестікке және адам саудасына, қаруға және есірткіге қарсы күресті қоса есептегенде қауіпсіздік, сондай-ақ экономика-экологиялық мәселелер, адам құқығы және сот үстемдігі, құқық және БАҚ еркіндігі мәселелері енеді.

Кездесудің қорытындысы бойынша тараптар Қазақстан мен Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламасының Офісі арасындағы қолданыстағы жобалар шеңберінде жұмысты жалғастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

(Материалдан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде әзірленді)



«Бабалар сөзі» айда-ры негізіне «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан 100 томдық ауыз әдебиетінің жыр-толғаулары, қисса-дастандар, сөз ұстаған шешендер мен билерімізден қалған нақылдар, тарихи жәдігерлер алынды. «Қазақ хандары» айдарында тарихымызда еліне қорған болған хандардың өмірі туралы деректер беріледі. Ал «Ежелгі қалалар тарихы» айдарына қазақ даласындағы өркениеттің ордасы болған



Ағыбай батырдың кенже ұлы Қашқынбай он шақты жігіттің батпаққа батқан атты шығара алмай жатқанын көріп, қиналған жануарға жаны ашып, белінен батпаққа кіріп жалғыз өзі атты жағаға алып шығады. Таңқалған елдің арасында баласының ерлігіне сүйсіне қарап отырған Ағыбай ішінен: «Жел жаққа ұстар, жауға салатын ұлым осы екен», - деп



Ел жаңалықтары

«ҚазАқпарат» халықаралық ақпараттық агенттігі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылы Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын өткізу туралы бастамасына орай «Қазақ хандығына 550 жыл» атты арнайы жобаны іске қосты. Бұл жоба аясында «Бабалар сөзі», «Қазақ хандары», «Ежелгі қалалар тарихы», «Халық қазынасы» қатарлы жаңа айдарлар ашылды.

көне қалалардың тарихы туралы жазбалар жарияланады. «Халық қазынасы» айдары бойынша, Қазақстандағы тарихи, мәдени ескерткіштер, қазақ халқының салт-дәстүрлері, қолөнер, қару-жарақтары туралы мағлұматтар берілмек.

мақтаныш тұтады. Сол күні кешке Қашқынбайдың денесі ісіп, белуардан төменгі жағы қарайып кетіп, келесі күні қайтыс болады. Он жеті жасар ұлының қазасы жанына батқан, әрі «өзімнің көзім тиді» деп қатты қапаланған Ағыбай күңіреніп, қайғырып төсегінде жатып қалыпты.

БАБАЛАР СӨЗІ: «Ұлы өлмейтін Ұрымда жоқ, қызы өлмейтін Қырымда жоқ»

Сонда игі жақсылары қасында, Ұлытаудан келген Найман Балта ақын батырды құшақтап көрісіп, жұбатқаны: Алла ісінде бұзық жоқ, Өлмесін деп әзелде. Жазып қойған сызық жоқ, Ұлы өлмейтін Ұрымда жоқ, Қызы өлмейтін Қырымда жоқ, Қатыны өлмейтін халықта жоқ, Өсте өлмейтін тарихта жоқ, Қойын толы саф алтын Сарқылмаған қайда жоқ.

Қабындап келген қайғыдан, Тіріге тиер пайда жоқ. Елге пана, Ағыбай, Жерге пана, Ағыбай, Ердің ері емес пе едің, Егеудің сынығы емес пе едің, Көтер бері басынды, Қайғы жейді жасыңды... Ертеден бірге келе жатқан досы Балта ақынның осы сөзінен кейін Ағыбай ойланyp, тәубаға келіп, біраздан соң басын көтеріпті.



Елордада «Қазақстан-2050» демократиялық күштердің жалпыұлттық коалициясы Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс президенттік сайлау өткізу бастамасын талқылауда.

«Қазақстан-2050» демократиялық күштердің жалпыұлттық коалициясының жұмысы еліміздегі ең бір беделді де, өкілетті диалог алаңына айналды. Азаматтық қоғамның түрлі әлеуметтік топтары мен жалпы тұрғындардың мүддесін көздеген коалиция әр

Кезектен тыс президенттік сайлау бастамасы талқылануда

алуан көзқарас пен ұстанымдар иесі, саяси күштердің ашық пікірталасы мен салиқалы үнқатысуын қамтамасыз етеді. «Кеңес қылған ел азбас», дегендей коали-

ция басқосулары барысында қызу талқылаулар жолымен әлеуметтің ең бір өзекті, әрі маңызды мәселелері бойынша тұтас қоғамның ұстанымы қалыптасып жатады», - деді жиынды ашқан Б.Байбек.

Оныңатапөтуінше, елігілігі үшін мемлекет тарапынан қабылданған ілкімді шаралар жөнінен қалың жұртышылықты хабардар етуге, әрі азаматтардың оған деген сенімін нығайтуға сүбелі үлес қосушы жалпыұлттық коалиция қоғамның жұдырықтай жұмылуына, осы арқылы Елбасының мемлекеттік бағытының жүзеге асуына өз септігін тигізу үстінде.


«Естеріңізге сала кетсем, біз мәселен, Қазақстанның ЕАЭО-қа

енуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық стратегияны қабылдау мәселелерін жан-жақты сараладық. Әкімдерді сайлау, жергілікті өзін-өзі басқару, кәсіподақтар туралы аса маңызды жобалар баршамыздың өзара қызу талқылауымыздан өтті. Осының барлығы елде іске асырылып жатқан реформалар барысына өзіндік ықпал етіп, ел мүддесін диттеген қажетті заңдардың қабылдануына жол ашты», - деді ол.

Партия Төрағасы бірінші орынбасарының айтыныша, коалиция бүгінде 6 жетекші партия мен 18 ірі республикалық қоғамды бірлестіктің, сондай-ақ 500-ден астам өңірлік үкіметтік емес ұйымның басын қосқан әлеуетті ұйымға айналды.

«Сондықтан да, ұзын саны 6,5 млн-нан астам адамның мүддесін көздеген жалпыұлттық коалиция бүгін аса маңызды мәселе, ел Президенті сайлауын 2015 жылы өткізу бастамасын талқылауа жиналып отыр», - деді Б.Байбек.

Ақмола облысының этномәдени бірлестігінің өкілдері солтүстік қазақстандықтарға «Қазақстан халқы Ассамблеясы - 20 ізгі іс» эстафетасының символы Тайқазанды табыстады.



«Қазақстан халқы Ассамблеясы - 20 ізгі іс»

Солтүстік Қазақстанда Тайқазан екі күн болып, басқа қалаларға жеткізіледі. ҚХА эстафетасы СҚО Ақжайың ауданындағы қарттар мен мүгедектерге арналған Смирнов интернат үйіне жеткізілді. Кейін ол ата-анасыз қалған балалар мен жетімдерге арналған Соколов мамандандырылған мектеп-интернатына табысталды. Бұл мекемеде 38 бала тәрбиеленіп жатыр. Тәрбиеленушілерге қонаққа келген этномәдени бірлестіктің өкілдері балаларға сыйлық беріп, концерттік бағдарлама қойды.

«Тайқазан - жақсылық пен қайырымдылықтың символы. Ол біздің барлық аймағымызды аралап өтеді. Ертең Тайқазан Павлодарға жіберіледі. Ол әр аймақта игі істерге толтырылады. Интернаттағы балалардың барлығына жақсылық тілеймін», - деді еврей этномәдени орталығының төрағасы Рашиль Евдаев.

Еске сала кетейік, 6 ақпан күні эстафета Астанада басталған болатын, ал 22 сәуір күні ҚХА-ның 22-ші сессиясында ізгі істерге толтырылған Тайқазан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа табысталады.

«Қазақстанда жасалған» акциясы

Астанада «Қазақстан 2050» Жалпыұлттық қозғалысының белсенділері «Қазақстанда жасалған» республикалық акциясын бастады.

2015 жылғы 11 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев отандық өндірушілерді қолдауға шақырған болатын. Онда Елбасы «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық акциясын бастауды ұсынған еді. Акция барысында сауда желілерінде

сатылатын қазақстандық өнімдер көзге бірден түсердей ерекше көрсетіліп қойылады. Отандық өндірушілердің тауарын сатып алғысы келетін азаматтарға бұл өте қолайлы. «Барлық қазақстандықтарды, бүгінгідей қиын жағдайда, біздің, қазақстандық тауарларды сатып алуға шақырамын. Бұл Қазақстан экономикасына қосқан үлесіміз деп білейік», деген болатын Мемлекет басшысы.

Ел Президентінің үндеуінен кейін «Қазақстан 2050» Жалпыұлттық қозғалысының

белсенділері бірден ірі дүкен желілерімен және өндірушілермен келіссөз жүргізуді бастап кетті. Қоғамдық ұйымның акция өткізу туралы ұсынысын алғашқылардың бірі болып «A2» супермаркеттер желісі қолдап, дүкендерінің бірінде «Қазақстанда жасалған» акциясы бастау алды.

Отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» деп жазылған түрлі-түсті белгі-тақтайшалар қойылды. Бұл қазақстандық өнімді ерекшеліп, сатып алушылар үшін

тартымдылығын арттырады.

«Жылдар бойы еліміз мені және мен сияқты мыңдаған қазақстандықтарды қолдап келді. Жоғары білім алып, біліктілігімізге сай көңілге қонымды жұмыс таптық, отбасын құрып, қуанышқа бөлендік. Қазақстанымызға, елімізге қолдау көрсететін кезек ендігіде бізге келіп отыр. Қазақстандық өнімді сатып алу арқылы біз тек ел экономикасына ғана көмектесіп қоймаймыз, сондай-ақ отандық кәсіпорындарда еңбек етіп жүрген мыңдаған адамдарға қолдау көрсетеміз.

Олар біздің арқамызда жұмысын жалғастырады, отбасын асырап, ұрпақ өрбітеді, дәрігерлер мен мұғалімдердің еңбекақысы үшін салық төлейді. Біз қазақстандық өнімді қажет болғандықтан емес, солай дұрыс болғандықтан сатып аламыз», - деді «Қазақстан 2050» Жалпыұлттық қозғалысы Кеңесінің төрағасы Данат Жұмин.

Бүгінде белсенділер еліміздегі барлық ірі сауда желілерімен келіссөздер жүргізуде.

ҚазАқпарат



Ешкім де ұмытылмайды

Самарқандық жауынгерлер! Ендерді мәңгі есте сақтаймыз!

**КАЗАНКОВ****Александр Макарович**

Қатардағы жауынгер, 327-ші атқыштар дивизиясының 1100 атқыштар полкінің атқышы.

1903 жылы туған. Самарқанд поселкесіндегі ҚарГРЭС-1 жатақханасының коменданты болған.

Әскер қатарына 1942 жылы 22 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров әскери комиссариатынан шақырылған. Волохов майданының Синявинскі бағытында соғысқан. Ауыр жараланып, 1942 жылы 30 қыркүйекте жарақатынан госпитальда көз жұмған. Ленинград облысының Назия станциясынан шығысқа қарай үш шақырым жерде жерленген.

**ҚАҚАРМАНОВ****Ысқақ**

Қатардағы жауынгер. 1912 жылы Қарағанды облысы Тельман ауданының 5-ші ауылында туған.

Самарқан поселкесіндегі әскери саудада жүргізуші болған.


Әскер қатарына 1941 жылы 15 шілдеде Қарағанды қаласындағы Киров әскери комиссариатынан шақырылған. Сталинградты қорғаған, Украинаны азат еткен. Бірінші Украина майданында жүргізуші болған. 1944 жылы наурызда шайқаста оққа ұшқан. Винницкий облысы, Липовецк ауданының Снеченцы поселкесінде жерленген.

**КАЛГАНОВ****Григорий Михайлович**

Қатардағы жауынгер. 1921 жылы Сталинград облысы Котельниковский ауданының Жутово поселкесінде туған.

Самарқан поселкесіндегі ҚарГРЭС-1-де слесарь болған. Әскер қатарына 1942 жылы 20 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров әскери комиссариатынан шақырылған.

1943 жылы қазанда хабар-ошарсыз кеткен.



оның орынбасарлары құттықтап, арнайы жазылған құттықтау хат пен себет толы сыйлықты және гүл шоғын тапсырған болатын. Өтіп бара жатқан уақытпен ілесіп, келместің кемесіне мінген қарттарымызды қимай шығарып салудан басқа қолымыздан келер қайран жоқ. Егер жыл басында 54 соғыс ардагері болса, содан бері төрт ардагер бақиға аттанды. Олардың ең жасы 88-де болса, ең үлкені 99 жаста, ал аяғынан тік тұрып жүргендері 14, қалғаны төсекке танылған.

Ұлы Отан соғысының ардагері Александр Добромелов биылғы жаңа жылда 90 жасқа толды, тіліміз тасқа, денсаулығы жақсы, бес қабатты тұрғын үйдің бесінші қабатында тұрады, құдай қосқан қосағы екеуі балалары мен немере-шөберелерінің қызығын көріп, бақытты ғұмыр кешуде. Ол Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде тоғызыншы сыныпты бітірер-бітірместен майданға аттанған. Сонда небәрі он жеті жаста ғана екен. Соғыстың бар қиындығы мен ауыртпалығын басынан кешкен қарт жауынгер Белоруссия, Польшада, Германияға дейін жеткен. Әрине, гвардия сержанты шенімен танк командирі болған, өйткені сол жылдары танк мектебін оқып бітірген, кейін ол жараланып, госпитальда емделген. Жарақатынан жазылған соң Нижний Тагилде Т-34 танкін алып, соғысқа қайта кірген. Ал соғыс кеңес жауынгерлерінің Жеңіспен аяқталған соң да әскери қызметтен қол үзбей, Румынияда, Германияда, Венгрияда сегіз жыл бойы қызмет атқарған.

— Мен үшін омырауымдағы орден-медальдардың әрбірінің құрметі ерекше, дегенмен солардың арасында «Ерен ерлігі үшін» медалінің орны бір бөлек. Мұны Белоруссиядағы шайқаста көрсеткен ерлігім мен ептілігім, қырағылым үшін алғанмын. Ол күндер көз алдымда әлі күні кешегідей тұр, — деп қарт жауынгер өткен күндерді еске алады.

Иә, сол сұрапыл жылдардың бір кешінде неміс-фашист басқыншыларына жақын қалады, екі жақ та өз окоптарында, тіпті дауыстары да бір-біріне естіледі екен. Ал алда қандай қиянкескі ұрыс күтіп тұрғаны айтпаса да түсінікті. Біздің минометші жауынгерлер немістердің тұрған жерінен аз-кем жаңылысқаны анықталып, осыны хабарлауға ашық алаңмен баруға тура келеді. А.Добромеловқа дейінгі жіберілген екі сарбаздың бірі оққа ұшса, екіншісі жараланады. Сонда командир шақырып алып: «Сен комсомол мүшесісің бе?» деп сұрапты. Ол «Иә» деп жауап берген.

— Егер тапсырманы орындасаң, марапаттаймыз, қорқақтық танытсаң — жазаға тартамыз, оққа ұшсаң — батырлар қатарына қосамыз, Түсіндің бе? — депті командирі.

— Түсіндім, — деп оң қолын шекесіне апарған жауынгер тапсырманы орындауға кіріседі.

Міне, сол жолы омырауына осы «Ерен ерлігі үшін» медалі тағылған екен. Ардагердің мұнан басқа «І дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», Ерлігі үшін және Жуков медальдары кеудесінде жарқырайды. Бүгінде оның екі ұлы, төрт немересі, төрт шөбересі бар, теміртаулық ардагерлердің бірі де бірегейі. Алдағы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына аман-есен жетуіне тілектеспіз.

Р.ЖАҚЫПҚЫЗЫ


Ардагерлер арамызда

Біздің қаламыз Ұлы Жеңістің 70 жылдығына дайындықты әлдеқашан бастап жіберді, бүгінде барлық оқу ордаларында ерлік сабақтары жалғасып, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жұмыстары ширатылған. Сонымен қатар арамызда жүрген соғыс және тыл ардагерлерімен кездесу кештері өткізіліп, алдыңғы буынның ел басына күн туған қиын кездегі көрсеткен ерліктері мен Отан қорғау жолында төккен қаны мен тері жайында түрлі фильмдер көрсетілуде.

Уақыт өткен сайын қатары сирап бара жатқан теміртаулық Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне қамқорлық ерекше, олар бұдан біраз жыл бұрын-ақ коммуналдық төлемдерден босатылған. Биылғы жыл ерекше, өйткені Ұлы Жеңіске 70 жыл толады, осыны басшылыққа алған Елбасы жаңа 2015 жылмен құттықтауын еліміздегі барлық ардагерлерге жеткізгені жайында жазғанбыз. Осыған орай біздің қаламыздағы 54 ардагерді қала әкімі мен

Өмірдің өлшемі бір медаль болған еді





Алпыс жылға жуық тарихы бар Қарағанды металлургия комбинатында ұзақ уақыт бойы маңдай терін төккен аптал азаматтардың бірі бүгінде зейнетке шығып ардагер атанып отырған Талап Кенжебайұлы Ибраев осы кәсіпорында отыз жылдан аса уақыт еңбек етті.



Металлург

Өткен ғасырдың екінші жартысы, әсіресе алпысыншы-жетпісінші жылдары Арқаның, оның ішінде Теміртаудың ерекше жарқырай танылған, жан-жақты кемелденген жұлдызды шағы болды. Қазақстан Магниткасы деген мақтанышты атақты иемденген алып өндірісте бұрын-соңды болмаған жаңа, қуатты құрылымдар бірінен соң бірі қатарға қосылып еліміздің байлығын еселеп молайтты. Сол жылдардағы тарихи жазбаларға сүйенсек, кенестер одағындағы ең ірі, ең алып, ең өнімді кон-

вертор, домна пеші, кокс батареясы дәл осы біздің қаламызда салынып іске қосылғанын білеміз. Бір қарағанда бұл айтулы оқиғалардың бәрі де уақыт ағысымен ілесіп, тарихтың тереңіне батып, адамдардың жадынан шығып ұмыт бола бастағандай, бірақ, шын мәнінде қазақ Магниткасының өміріне тікелей қатысып, оның әрбір кірпішін өз қолымен қалаған, әрбір тонна болат пен шойынды өз күшімен құйған металлургтер үшін бұл күні кеше ғана болған оқиғадай ешбір ұмытылмақ емес.



дәрежесіне де жетті.

– Мектептен орта білім алғаныма 15 жылдан аса уақыт өткенде институтқа қабылдау емтиханын тапсырдым, міне сол кезде өзімнің мектептегі ұстаздарыма шын жүректен алғыс айтумен болдым. Өйткені осынша жыл өтсе де химия, физика сияқты пәндер еш ұмытылмай қайта жадымда жаңғырығып жатты. Осы пәндерден сабақ берген Ғалия апайымыздың: «менен алған үштік баға институтта төрт пен бес болып қайтады» деген көрегендік тағылымына қалай бас имессіз. Жалпы мені өмірімде де, оқуда да, еңбекте де ең бір тамаша адамдармен жолықтырған тағдырыма ризамын, – дейді Талап Кенжебайұлы. Бүгінгі таңда алпыстың асқарына шығып зейнеткер атанған ол біраз достарының әлі де еңбек сапында жүргенін мақтан етіп айтып отырады, өзі сияқты заңды демалысын пайдаланып отбасының қамымен жүргендері де баршылық бірақ еңбектес достар бір-бірінен хабарын, байланысын үзбейді.

Жоғары білім алғаннан кейін комбинаттың қалыпты құю цехында учаске басшысы болып жұмыс істеген Т.Ибрев осы цехтың механигі Владимир Ақбиев, цех бастығының орынбасары Григорий Вышегородкин, бұрынғы сұрыпты прокат цехының бас инженері Геннадий Филиппов, мартенде цех механигі болған Сәдуақас Медетбековпен әлі күнге достық байланыстарын үзбей, реті келгенде кездесіп сол бір жалынды жылдар туралы қызықты еске алулар, тартымды басқосулар өткізіп тұрады. Өйткені олардың бәрі де Қарағанды металлургия комбинатының қаз тұрып қарышты еңбек етуіне өздерінің сүбелі үлестерін қосқан сыйлы азаматтар.

Біз әңгіме етіп отырған Талап Кенжебайұлы Ибраев өзінің ерен еңбегімен танылып әріптестерінің құрметіне бөленуімен қатар еліміздің жоғары марапатына ие болған орденді азамат. Ол 1986 жылы Жоғарғы Кеңес президумы жарлығымен «Халықтар достығы» орденін алды. 5 жыл бойы қалалық кеңес құрамына депутат болып сайланып, елдің аманатын бұлжытпай орындаған абыройлы жан. Өткен жылдардағы қалалық «Теміртау жұмысшысы» газеті бетінде 80-шы жылдардың стахановшысы айдарымен берілген материалдарда Талап Кенжебайұлы Ибраевтың жоғары еңбек жетістігі жөнінде аз жазылмапты, оның бірінде Т.Ибраев жетекшілік ететін отқа төзімді тас қалаушылар бригадасы мартен пешін мерзімінен бір ай бұрын жөндеп бітіріп, соның нәтижесінде жүздеген тонна сапалы болат алынғаны жазылыпты.

Міне осылайша өзінің еңбек жолын, өмірін, отбасылық бақытын Теміртаудай тұғырлы қаламен ұштастырып, қара металлургияның қазанын қайнатысқан, сөзі аз, ісі саз Талап Кенжебайұлы Ибраев абзал азамат.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Ер дәулеті - еңбек

– Мен барлық жастық жігерімді, күш-қайратымды Қазақстан Магниткасына жұмсадым, маңдай терімді сыпырып жүріп ел байлығын еселеуге атсалыстым, бұған еш өкінбеймін, өмірім осы Теміртаумен бірге өрілді даңқы елден елге асқан бұл бірегей кәсіпорынның менің тағдырыма да көптеген оң өзгерістер сыйлағанын ешқашан ұмыта алмаймын, ол жылдары біз алаңсыз еңбек еттік, соның нәтижесінде барлық игіліктерді пайдаландық, үй де, машина да алдым. Ең бастысы осында жақсы сыйлас достарымды таптым, сондықтан менің бақытым, тағдырымның тұғыры осы Теміртау қаласы деп ойлаймын, – дейді ол.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Алматыдан берілетін хабарлар ең алдымен Қазақстан Магниткасында болып жатқан өзгерістерді баяндаудан басталушы еді. Ал «Теміртау жастарының жыры» бүкіл қазақстандық қыз-жігіттердің әнұранына айналды.

Нұрлы Нұра даласы,

Міне бүгін қарашы.

Жас ұландай жайнап өскен,

Теміртаудың қаласы, – деген ән қайырмасы сонау бір қиырда Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданындағы екінші Шежин кентінде комсомол жастар бригадасын құрып, еліміздің ауылшаруашылығын өркендетуге үлес қосып жүрген бозбалалардың да жүрек лүпілімен үндесіп жатты.

– Сол жылдары Семейдегі шұбартаулықтардың бастамасымен орта мектепті бітіргеннен кейін екі жыл ауылда қалып мал шаруашылығында еңбек ету дәстүрі кеңінен қолдау тапты. Мен де өзімнің жиырма шақты сыныптас-тарыммен бірге ауылда мал бағып жүрген едім. Сол жылдардағы жастардың бастамашылдығын, Отанға деген патриотизмін қазір де ерекше сүйсіне еске аламын. Мектеп бітірген соң бәріміз бір кісідей туған ауылымызда еңбек еттік, – дейді Талап Кенжебайұлы өзінің алғашқы еңбек жылдары жөнінде еске алғанда.

Екі жылды бітіріп одан кейін Отан алдындағы міндетті әскери борышын өтеп елге оралысымен көңіл түкпіріндегі Теміртауға қарай тартып кетті. Бұл 1977 жыл болатын. Қарағанды металлургия комбинаты алғашқы қалыптасу



кезеңінен өтіп кең байтақ кеңестер одағындағы ірі өндіріс ошағына айналған кез. Мұндағы цехтар, басқа да бөлімдер, домналар толық қуатында жұмыс істеп тұрған. Жылына 1 млн. тонна кокс шығаратын №7 батареяның пайдалануға берілгені де осы тұс. Сол жылдары теміртаулық металлургтер алғашқы елу миллион тонна шойын, отыз миллион тонна болат балқытып жөнелтті. Ол кезде еңбектегі бәсеке – социалистік жарыс ерекше маңызды болды. Сонымен бірге тәлімгерлік қозғалыс, тәжірибелілердің шәкірт тәрбиелеуі сияқты жақсы дәстүрлер қалыптасты. № 1 мартен цехында атақты Арғын ағамызбен украиндық Николай Ужба бәсекеге түсіп достық балқымасы алынатыны да осы жылы болатын. Сырттай болса да металлургтердің ерен еңбегіне қанығып оларға ерекше сүйіспеншілікпен, заманның батырлары деп қарайтын жас жігіт Теміртауға табан тіреген алғашқы күні Арғын Жүнісовты іздеп ба-

рып арнайы сәлем беруі де отжалының ортасында маңдай терін төгіп жүрген металлургтерге деген ерекше ықыласының белгісі болса керек.

– Менің еңбек өтілім және әскер қатарында қызмет етуім комбинаттың кадрлар бөлімінің талабына дәп келсе керек, ө дегенде ықыласпен қабылдады. «бізге қолының қаруы бар тас қалаушылар қажет болып тұр, сол жұмысқа барыңыз» деді ондағылар. Бұған дейін Оралдағы ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп алған агрономдық дипломым бойынша да жұмыс ұсынылды, бірақ мен өзім көңілге түйіп беталып келген комбинаттағы ең қиын да әрі шешуші салада жұмыс істеген дұрыс болар деп түйдім, – дейді Т.Ибраев

Әрине мыңдаған градусқа шайдайтын от екпініне төтеп беретін пештерді, отқа төзімді ауыр кірпіштерді қалау, жоғары шеберлікті, қайраттылықты қажет етеді. Ол дәл осы салада табан аударма-

стан он екі жыл еңбек етті және өз ісінің ең жоғары дәрежелі маманына айналды. Жұмыс істей жүріп оқу комбинатында бірнеше рет кәсіби шеберлігін арттыру арқылы пеш қалаудың қыр-сырын жетік меңгерді.

– Негізі біздің бригадада ылғи өз ісін бес саусақтай меңгерген жігіттер болды. Мысалы тас қалаушылар Валерий Изгалиев, Тілектес Айтжанов, Николай Падапед және басқалары бір-біріне үйретуден, көмектесуден жалыққан емес. Әр жерден келген, әр ұлттың өкілі болсақ та арамызда алауыздық, кемсітушілік болған емес. Бұл да сол тарихы кезеңнің өзі қалыптастырған, уақыт сынынан сүрінбей өткен биік, адалдық үрдістердің бірі ғой. Ұлтаралық татулыққа, төзімділікке, отансүйгіштікке бағытталған тәрбие жұмысының тамаша нәтижесі деп еске алады ол өзінің әріптестерін.

Т. Ибраев осылайша комбинатта тас қалаушы бола жүріп жоғары білім алуды мақсат етті. Орта мектепте де жақсы оқығандықтан оған оқу аса қиынға түскен жоқ. 1985 жылы қаламыздағы металлургия институтына емтихан тапсырып көшкі бөліміне түсіп, арада 5 жыл өткенде инженер-механик дипломы бар жоғары білімді маман



Имандылық иірімі

Халқымыз ғасырлар бойы Ислам дінін берік ұстанып, оның қасиетті құндылықтарын атадан балаға мирас етіп сабақтастырып келеді. Ақиқат Ислам діні – адам-зат баласының өміріндегі барлық саласын қамтитын кемел дін. Ғылым дамып, заманауи жетістіктер жетілген сайын діннің қыр-сыры да ашыла береді. Осы орайда, еліміздегі мұсылман қауымының бетке ұстар басқармасы, бағытымызды айқындап дұрыс жолға бастайтын рухани ұйытқысы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2020-жылға дейінгі қызметін дамыту тұжырымдамасын дайындап берді. Осы құжаттарда көрсетілген уақыт талабынан туындап отырған мәселелердің оң шешімі дін қызметкерлеріне тың серпіліс береді. Себебі, Қазақстан Республикасында қалыптасқан діни ахуал – Исламның даму деңгейінің көрсеткіші. Шындығында бүгінгі күндері дінді ұстанып, оның шариғи үкімдерін орындаушылардың басым бөлігі жастар. Соның нәтижесінде асыл дініміз дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді.

Тұжырымдама мен тұғырнама биік тұғырға жетелейді



Діннің қоғам өмірімен үйлесім табуы ұрпақ тәрбиесіне игі әсерін тигізеді. Бұдан діни сауаттылықты өрістетудің қажеттілігі туындайды. Діни істердің бүгінгі жайы осы саладағы шараларды жүзеге асыру тетіктерінің дұрыс жолға қойылуын қажет етеді. Дінмен түбірлес өзекті мәселелерді межелеп берген тұжырымдама мен тұғырнама біздің осы тұрғыда тәрбие тетіктеріне айналатын тиімді жоба ретінде таптырмас құрал. Ендігі жерде осы тұжырымдаманың мақсат-міндеттерін іске асырудың негізгі бағыттарына басымдық беріп, одан күтілетін нәтижелердің сапалы болуына ықыласпен бірлескен жұмыс жасау қажет. Осы тұрғыда дінбасымыз Ержан қажы Малғажыұлы хазіреттің сенім артып тағайындаған әрбір дін қызметкері жауапкершілік жүгін арқалап, діни-рухани істерді мемлекетіміздің бейбітшіліксүйгіш саясатымен үйлестіріп, бағыт-бағдар беруімен қатар жұртшылықты ынтымаққа ұйыту үшін бар қажыр-қайратымен еңбек етіп келеді. Бұл үрдісті барынша сауатты және сапалы дамыту алдағы уақыттың еншісінде. «Іс мақсатына қарай бағаланады» дегендей, осындай ортақ мақсаттарға жұмылып, екі дүниеге пайдалы сауапты істермен шұғылдану дін қызметкерлерінің абыройлы міндеті. Діни басқарамамыздың әр жылға атау беріп маңызды істерді жолдап отыруы жаңаша сипат алды. Мысалы, 2014-ші жылды «Дін мен Дәстүр» жылы деп белгілеп оның аясында көптеген іс-шаралар атқарылған болатын. Осы тақырыпты ашу үшін көптеген имамдарымыз көнеден келе жатқан немесе ұмытылып бара жатқан салттарымызды көнекөз қариялардан сұрастырып, әдебиеттерден қарастырып ізденіс жасады.


Бұл турасында жергілікті БАҚ беттерінде және ресми сайтымызда бірнеше мақалалар жарияланды. Дінбасымыздың «Дін мен Дәстүр» кітабының таныстырылымы кең көлемде аталып, оған бұқара халық қатыстырылды. Халық жиылған орталарда және АНТ топтарының түрлі саладағы кездесулерінде дініміздің құндылықтарын ұлттық дәстүрмен сабақтастырып уағыз айтуға дағдыландық. Тағы бір айта кететін жайт, түрлі бағыттағы кездесулер мен сұхбаттарда «Дін мен Дәстүр» «Таным тұғыры» «Жұма уағызы-2» «Он ғасыр жырлайды» «Кемелдік кемеңгері» «Қазақ мәдениеті және Ислам құндылықтары» «Ғибратнама» «Тәпсір тұнығы» кітаптарынан алынған уағыздар қамтылып отырады. Осы негіздегі уағыздар халықтың жүрегіне жетуге және салт-санамызбен сабақтастырып жеткізуге септігін тигізіп келеді. Имандылық иірімдері оның ішіндегі сүннетіміз салтпен, хадисіміз ғұрыппен байланысты болғандығы халыққа кеңінен түсіндірілуде. Бұл әрекетіміз де дәстүрден жерініп жүрген жастарға «жүген» болып тиіп жатыр. Биылғы және алдағы жылымызды «Әбу-Ханифа» және «Матуриди» жылы етіп жариялауымыз үлкен белестерге жетелейді деген үміттеміз. Осылай алдымызға мақсат қойып, Аллаға тәуекел етіп, еңбегімізге сүйеніп, ортақ мақсатта ауызбіршілікпен жұмыс жасайтын болсақ, руханият саласындағы көптеген мәселелер дұрыс жолмен дамиды. Сонымен қатар, уақыт талабынан туындап отырған ақпараттық уағыз-насихат тобының қала, ауданнан бөлек ауылдарға жол тартуына басымдық бере отырып «ҚМДБ- ауылға жол» бағдарламасын бекітуі бұрын-соңды болмаған жайт екендігі белгілі. Бұған дейін шалғай мекендерде имамдарымыз жұма намазын өткізіп, мектептермен кездесулер ұйымдастырылған болатын. Алдағы уақытта да осы шараны барынша дамытып, оның өміршеңдігін арттыруға аталмыш бағдарлама басшылыққа алынатын болады. Тұжырымдаманы сала-салаға бөліп, жіктеп, маңызды мәселелерді толықтай қамтып «тайға таңба басқандай» етіп ұсынған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тұғыры биіктеуіне бірлескен іс-қимыл жасауымыз қажет. *Осындай игі істерді жан-жақты атқару үшін үстіміздегі жылдың 19-ақпанында Астана қаласында тұңғыш рет І-ші республикалық имамдар форумы өткізіледі. Келелі басқосуға өңірімізден 24 имамның қатысуына мүмкіндік берілген. Халқымыздың рухани дамуына өз деңгейінде септігін тигізетін алқалы жиыннан күтеріміз мол.*

Бекқожа Өмірзақ ҚАЗКЕНҰЛЫ,
ҚМДБ-ның Қарағанды өңірі бойынша өкіл имамы



Сүйінші!

Қарағанды облысының 80 жылдығы құрметіне «Сарыарқа кітапханасы» деген топтама бойынша жергілікті ақын-жазушылардың жүз томдығы жарыққа шығып, жақында тұсаукесер салтанаты Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында болып өтті.



Жүз томдық жарық көрді



Тұтас бір кітап «Елбасына тұғыр болған Сарыарқа» деген атпен Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектегі және саяси қайраткерлік қызметі басталған Қарағанды облысымен байланысына арналған. Мұнда журналистердің Нұрсұлтан Әбішұлының алғашқы еңбек қадамдары туралы жазған очерк-суреттемелері, ол туралы мақалалары мен сұхбаттары топтастырылған. Қоғам қайраткерлері, достары мен әріптестері, белсенді авторлар, болашақ мемлекет басшысының Днепродзержинскінің техникалық училищесінде, Қазақстан Магниткасының домналары мен алып цехтарында, комсомол және партия қызметінде қалай

өсіп шыңдалғанын, қайраткерлік қасиеті қалдай қалыптасқанын ілтипатпен еске алады. Ол материалдар кезінде республикалық баспасөзде, жеке-леген кітаптарда жарияланған. Кітапқа теміртаулық инженер-металлург, қарымды қаламгер, «Құрыш қала KZ» газеті редакциясы» ЖШС директоры Смағұлдың Тілеубердісінң бірнеше деректі шығармасы енген. Ал тағы бір томында ақындардың өлең-жырларына

